

Әкімдіктің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 547 "Қостанай облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 19 ақпандағы № 72 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 3 наурызда № 6197 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 10 мамырдағы № 246 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 10.05.2017 № 246 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 547 "Қостанай облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5179 болып тіркелген, 2014 жылғы 12 желтоқсанда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған қаулымен бекітілген ережедегі:

16-тармақта:

1), 17), 20), 24) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын аудандар мен қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, облыстық атқарушы органдардың жұмысын талдау, облыс әкіміне және әкімдігінің мүшелеріне олар сұратқан мәселелер бойынша ақпарат дайындау;"

"17) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ішкі мемлекеттік аудитті жүзеге асыру;"

"20) Қостанай облысы әкімдігінің "Қоғамдық келісім" коммуналдық мемлекеттік мекемесін басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыру;"

"24) облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуын зерделеу және талдау, перспективалық даму бағыттарын әзірлеу;"

20-тармақта:

3) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) "Қостанай облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережені әзірлейді, аппараттың құрылымын, штаттық кестесін бекітеді, еңбекке ақы төлеу қорын үнемдеу шегінде мемлекеттік қызметшілерге материалдық ынталандырулар (сыйақылар) белгілейді;"

"5) "Қостанай облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерін мемлекеттік лауазымдарға тағайындайды және мемлекеттік лауазымдардан босатады;"

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

А. Мұхамбетов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК